# Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 21 қазандағы N 305 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 26 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3228. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 184 Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.30 № 184 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2009.09.17. N 125 бұйрығымен.

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының түзеу мекемелеріндегі жазаларын өтеп жатқан, сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 147 күшін жойды деп танылсын (мемлекеттік тіркеу N 1714).

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күні күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшылық ететін Қазақстан Республикасының Әділет Вице-Министріне жүктелсін.

*Министр*

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 21 қазандағы N 305 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы**
# НҰСҚАУЛЫҚ

Ескерту: Барлық мәтін бойынша «ҚАЖКБ» деген сөз «ҚАЖК ҚАЖД» деген сөздермен ауыстырылды, «ҚАЖ комитетінің басқармасына», «ҚАЖ комитетінің басқармасының» деген сөздер «ҚАЖК аумақтық ҚАЖД» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі (бұдан әрі - ТМ) сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселелерін реттейді.

2. Тәрбие жұмысы сотталғандармен ТМ Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ осы Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

3. Тәрбие жұмысын ұйымдастыруға ТМ бастығы тікелей жауапкершілікте болады. Бастықтың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары жұмысты бақылайды және үйлестіреді. Сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы мен қызметкерлері оны тікелей жүргізуді қамтамасыз етеді.

4. ТМ тәрбие жұмысын әдістемелік қамтамасыз ету әдістемелік кабинетке жүктеледі, қойылған ТМ жұмыстарының оң тәжірибесі зерделеніп және жинақталады және сотталғандармен психологиялық және тәрбие жұмысын жүргізу жөніндегі қажетті ақпараттық-әдістемелік қор құрылады.

5. ТМ жоғарғы, тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган түзеу мекемесіндегі комиссия, ал тәрбие колонияларында (бұдан әрі - ТК) - оқу-тәрбие кеңесі болып табылады.

## 2. ТМ-де тәрбие жұмысын жоспарлауы

6. Тәрбие жұмысының жоспарлануы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7. Тәрбие жұмысының жоспарлауы барлық қызметтер мен бөлімдердің ТМ ұсталынатын сотталғандарды түзету жөніндегі міндеттерді шешуге күш-жігерді үйлестіруді қамтамасыз етуге бағытталған.

8. Тәрбие жұмысының жоспарында негізгі бағыттары, сотталғандармен жеке-тәрбиелік жұмыстағы мәселелері, олардың жалпы білімділігі және кәсіптік

оқыту, сотталғандардың көркем өнерпаздар ұйымдарымен басшылығы, мәдени бұқаралық іс-шараларды өткізуі, діни және қоғамдық ұйымдармен және т.б. өзара іс-қимылы сипатталады.

9. Сотталғандармен тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық негізі жоспар болып табылады. ТМ-де:

1) жекелеген бөлімде сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы жоспарланатын ТМ тоқсандық іс жоспары;

2) жасақтағы тәрбие жұмысының тоқсанға жоспары жасалады.

10. Тәрбие жұмысының жоспарлануы жоғарыда тұрған органдардың және ТМ қызметін талдайтын бұйрықтар мен нұсқаулардың, жасақтың сотталғандар құрамындағы өзгерістерді ескере отырып өткен кезеңдегі тәрбие жұмысының барлық бағыттарының, тәртіптің жай-күйі, ТМ жедел жағдайының негізінде жүзеге асырылады.

11. Жоспардағы сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысының бөлігін сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім бастығы жасайды, тәрбие жұмысы жөніндегі бастықтың орынбасарымен келісіліп, ТМ бастығы бекітеді.

12. Жасақтағы тәрбие жұмысының тоқсандық жоспарлары сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімінің бастығымен келісіліп ТМ бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары бекітеді.

13. ТМ бойынша сотталғандар арасындағы тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мен өткізуіне қатысты жоспардың барлық тармақтарының орындалуына жауапкершілік ТМ бастығының сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына және бөлім бастығына, жасақтағы тәрбие жұмысы жоспарының тармақтарының орындалуында жауапкершілік жасақ бастығына жүктеледі.

## 3. Бас бостандығынан айрылған сотталғандарға тәрбиелік ықпал ету

14. Сотталғандармен тәрбие жұмысы - бұл жеке бастың зияткерлік, рухани және дене тәрбиесінің дамуына, құқықты құрметтеушілік мінез-құлқына және босатылғаннан соң әлеуметтік бейімделуіне әсер ететін негізделінген педагогикалық жүйесінің іс-шаралары.

15. Сотталғандармен тәрбие жұмысы заңдылықтың негізгі қағидалары, азаматтың негізгі құқығы мен бостандығын сақтау, ізгілік жазаны атқару кезіндегі түзелу мақсатының басымдылығы, түзеу ықпалының жүйелігі және

сабақтастығы, жеке бастың оң қабілетіне сүйену, сотталғандардың әлеуметтік - пайдалы байланыстарын сақтау, ықшамдау және қалпына келтіру бойынша ұйымдастырылып жүргізіледі.

16. ТМ-де тәрбие жұмысын жүргізудің негізгі бағыттары: адамгершілік, әлеуметтік-құқықтық, эстетикалық, еңбек, дене-шынықтырушылық, психологиялық тәрбие, сондай-ақ сотталғандардың түзелу жолында қойылған мақсатына жетуіне оның басқа да түрлері себепкер болады.

17. Адамгершілік тәрбие жұмысы сотталғандардың моральды-этикалық қалыптасқан ойын, әр сотталған адам қоғамда өз тәртібін ішкі күнделікті бақылаусыз реттеу қабілеттілігінің қалыптасуына бағытталады. Адамгершілік тәрбие өзгелердің құқығын және жеке намысын, адамның өміріне қол сұқпаушылықты мойындау, адалдық пен шындыққа тәрбиелеуді қамтиды.

18. Әлеуметтік-құқықтық тәрбие сотталғандардың мемлекет пен азаматтың арасындағы өзара қарым-қатынасын, сотталғандардың бас бостандығынан айыру орындарындағы құқықтары мен міндеттері туралы білімі, еңбекке орналастыру, білім беру, жанұялық қарым-қатынас шегінде, құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігіне көз жеткізуі, жасалған қылмыстың қоғамдық қауіпсіздігін сезіне білуі. Әлеуметтік-құқықтық тәрбие жүргізіліп жатқан реформаның, елдегі қоғамдық-саяси жағдайын, қылмыстық жазаны орындау аясындағы нормативтік құқықтық актілердің мәнісін түсіндіруі тиісті.

19. Эстетикалық тәрбиелеу сотталғандардың табиғат сұлулығына көзқарасы, өнер, әдебиет, сурет өнерінің, эстетикалық талғамының қалыптасуына және өзін қоршаған ортаға деген дұрыс қатынастың дамуына бағытталған.

20. Еңбек тәрбиесі сотталғанның еңбек қабілеттерін дамытуға, оның босағаннан кейін жұмысқа орналасу үшін, мамандық алуына бағытталған.

21. Дене тәрбие жұмысы, бас бостандығын айыру орындарында сотталғанның денсаулығын бірқалыпты ұстап тұруына және демалуды ұйымдастыруға бағытталған.

Ол үшін спорт алаңдары, ғимараттар, құрал-жабдықтар және инвентарь жабдықталады.

Ескерту: 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

22. Психологиялық тәрбиелеу жазасын өтеп жатқан адамның психологиялық қалыптасу қабілетін, оның қылмыстық көзқарасын бұзу, сотталғанның динамикасын зерттеу, сондай-ақ түзеу мақсатына жетуге жағдай тудыратын процестерге негізгі фактілерге көп мән беріп зерттелуіне бағытталған.

23. Сотталғандармен тәрбие жұмысы топтық, жаппай және дара нысандарда ұйымдастырылады.

24. Сотталғандармен топтық және жаппай тәрбие жұмыстары (сабақтар, дәрістер, жиналыстар, диспуттар, конкурстар, көркем өнерпаздық қарау, спорттық-көрсету іс-шараларға қатысу, өнерпаздық ұйымдарға және т.б.) әртүрлі топтар көлемінде тәрбие жұмысын өткізуді қамтамасыз етеді.

25. Жеке тәрбие жұмысы әр сотталушының жеке ерекшеліктерін бостандықтағы өмірге ойдағыдай бейімделу бағдары сотталғандармен ескере отырып, жұмыс істеу бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

26. Сотталғандар мен жұмыс бағдарламасын мекемеде оның толық жазасын өтеу уақытына бағдарламаны аға нұсқаушы - психологтың ұсынысы бойынша түзеледі де, ол бағдарлама төрт негізгі кезеңге бөлінеді:

1) қалыптасу кезеңі, ТМ өмірінің жаңа шарттарына үйрену;

2) пайда болу кезеңі, өмірдің жаңа шарттарында қызығушылықтың дамуы;

3) сыртқы ықпалдар мен өзін-өзі тәрбиелеудің үйлесу кезеңі;

4) сотталғандардың алдын-ала босау кезеңі.

27. Сотталғандармен жұмыс бағдарламасының негізінде жеке тәрбие жұмыстарының жеке жоспары түзеу мекемелеріне келген әр-бір аралықта оның түзетілім тәртібі мен түзелу үрдісін ұйымдастыру бойынша құрылады.

28. Сотталғандарды зерделеу нәтижелері және онымен тәрбие жұмысын жүргізудің қорытындылары ай сайын жеке тәрбие жұмысын жүргізу күнделігіне енгізіледі (1 қосымша).

## 4. Карантин бөлімшесіне жаңадан келген сотталғандармен тәрбие жұмысы

29. Сотталғандардың карантин бөлімшесіне келуі, оның мінез-құлқының ерекшеліктерін, жалпы білімінің деңгейін анықтау, сондай-ақ денсаулық жағдайын тексеру және санитарлық-гигиеналық шараларды өткізу үшін пайдаланылады.

30. Карантин бөлімінде сотталғандармен сабақтар өткізіледі, оның мақсаты олардың өздерінің құқықтары мен міндеттерін, режим талаптарын, мекеменің ішкі тәртіп ережелерін, ТМ әкімшілігімен және басқа да сотталғандармен өзара қарым-қатынастарын түсіндіру болып табылады.

31. Сотталғандардың әрқайсысына ТМ түрінің өзгеру тәртібі, жазаны шартты түрде - мерзімінен ерте босатуға ұсыну және жазаны өтеудің бір жағдайынан басқасына ауыстыру сондай-ақ жазаны өтеудің бірі шартты түрде - мерзімінен бұрын босатуға ұсыныс, ТМ түрінің өзгеру мүмкіндігінен мерзімі туралы мәлім етіледі.

32. Сотталғандармен тәрбие жұмыстары карантин бөлімшесінде сабақ және әңгімелесу ТМ қызметкерлерімен кездесу түрінде жүргізіледі, сотталғандарға

теледидар хабарларын көру, орталық және жергілікті радио хабарларын тыңдау, газеттер, журналдар, кітаптар оқу мүмкіндігі беріледі.

33. Жаңадан келген сотталғандармен жұмыс сотталғандармен кешенді оқу жоспарына сәйкес карантин бөлімінде жүзеге асырылады, оны өткізуге ТМ барлық қызметінің қызметкерлері тартылады (2-қосымша).

34. Карантин бөлімшесіндегі сотталғандармен кешенді оқу жоспарының тармақтарын орындау қызметтердің және түзеу мекемесінің бөлімдерінің карантиндік қызмет бөлімшесіне қатысу журналында көрсетіледі. Журналды жүргізу үшін жауапкершілік сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімінің бастығына жүктеледі (3-қосымша).

35. Аға нұсқаушы-психолог жаңадан келген сотталғандарға психодиагностикалық тексеру жүргізеді және олардың қайсысына "Жеке зерттеу сызба нұсқаға" сәйкес жеке карта жүргізеді, (4-қосымша) сондай-ақ сотталғанның жеке тұлғалық бағдарын және кейбір, типтік сыйпаттарын анықтайды.

36. Өткізілген жұмыстың талдау қорытындысы бойынша аға нұсқаушы-психолог мінездеме жазып және сотталғандардың жеке-тәрбие жұмыстары күнделігіне көшіреді, жаңадан келген сотталғандармен тәрбие жұмысының негізгі бағыттары бойынша жасақ бастықтарына ұсыныс береді.

37. Мекеме бастығының бұйрығымен карантин бөліміне жаңадан келген сотталғандармен жұмыс жүргізу үшін сотталғандармен жұмыс істеуде жеткілікті тәжірибесі бар жасақ бастығы тағайындалады, оған тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді жеке-тәрбие жұмысының күнделігін бастапқы толтыру және сотталғандарды жасаққа бөлуді дайындау жүктеледі.

38. Карантин бөлімшесіндегі ТМ комиссиясы (ОТК - Оқу-тәрбие кеңесі) келуінің сотталғандардың қорытындысы бойынша сотталғандарды жасақтарға бөледі.

## 5. Жасақтардағы сотталғандармен тәрбие жұмысы

39. Сотталғандармен тәрбие жұмысының негізгі ұйымдық түрлері жасақта іске асырылады. Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу және ұйымдастыру жасақ бастығына жүктеледі. Ол жасаққа жүктелген міндеттердің орындалуына жеке жауапкершілікте болады. Жасақ бастығы өзінің қызметінде қылмыстық жазаны атқару тәртібін реттейтін қолданыстағы заңнамалармен және ведомствалық нормативтік актілерді, сондай-ақ әдістемелік кабинеттің ұсыныстарын басшылыққа алады.

40. Жасақ бастығы ТМ-нің жұмыс жоспары негізінде жасақтың ерекшелігін ескере отырып, сотталғанның жеке қасиеттерін, сондай-ақ ТМ-нің баска да

қызметтерінің ұсыныстары бойынша тоқсан сайын жоспарлайтын және өз қызметін ұйымдастырады.

41. Жасақ бастығы сотталғандарға олардың заңмен көзделген құқықтары мен міндеттерін, еңбек және демалыс шарттарын түсіндіреді, қылмыстық жазаны орындауда реттейтін заңнамалық актілермен түзеу мекемелердегі Ішкі тәртіп ережелерін білуін қамтамасыз етеді және олармен әлеуметтік-құқықтық мәселелер бойынша тақырыптық жоспарға сәйкес сабақтар өткізуін ұйымдастырады (5-қосымша).

42. Заңмен белгіленген жаза бөлігін сотталушы өтеу кезінде сотталғандардың әрқайсысына жасақ бастығы мінездеме дайындайды, ТМ-нің түрі, жазаны өтеу шарттарының өзгеруі туралы, шарты түрде-мерзімінен бұрын босату және жазаның өтемеген бөлігін аса жеңіл түрімен ауыстыру мәселелерін шешу кезінде ескеріліп және жеке іс қағазына тігінделеді.

43. Жасақ бастығы сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастырып және сол жұмыстың жүргізілуі үшін жауап береді және осы мақсатқа жету үшін басқа қызметтердің қызметкерлерін қатыстырады, олардың есебінен жасақтың тәрбиешілер кеңесі қалыптасады (бұдан әрі - ЖТК).

44. ЖТК сотталғандармен жасақ звеносындағы тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі жасақ бастығына көмек беретін тұрақты іс-әрекеттегі алқалық орган болып табылады.

45. ТМ бастығының бұйрығымен ЖТК бір жыл мерзімге, бес адамнан кем емес құрамда құрылады. Оның құрамына жасақ бастығы, сондай-ақ ТМ-нің сотталғандармен жұмыс жасау дағдысы мен қабілеті бар басқада қызметкерлер, жалпы білім беретін және кәсіби мектептердің мұғалімдері кіреді. Жасақ бастығы ЖТК төрағасы болып табылады.

46. ЖТК жұмысына кеңесші дауыс құқығымен жергілікті атқару органдарының, қоғамдық ұйымдардың және діни бірлестіктердің, ТК-нің жанындағы Қамқорлық кеңесінің, өкілдері сотталғандардың туысқандары қатыса алады.

47. ЖТК кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде айына бір рет өткізіледі. Талқыланған мәселелерді сайланған хатшы хаттамалайды. Сотталғандарға қатысты қабылданатын нақты шешімдер сотталушының жеке-тәрбие жұмысының күнделіктерінде көрсетіледі. ЖТК шешімі көпшіліктің ашық дауысымен қабылданады.

48. ЖТК сотталғандардың тұрмыс жағдайларын жақсартуға және меншіктің барлық нысанындағы мүлікке ұқыптылықпен карауға, оларға тұрақты дағдыларды үйрету, ұстау режимін сақтау, сотталғандардың түзелу мәселелерін шешуді талқылайды және оған ықпал жасайды.

49. ЖТК мүшелері сотталғандармен тәрбиелік әңгімелесулердің жазбасын сотталғандардың жеке-тәрбие жұмыстарының күнделігіне енгізеді.

50. ЖТК мүшелері сотталғандардың шарты түрде-мерзімінен бұрын босату жазасын өтеуге немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның аса жеңіл түріне ауыстыруға, режим түрінің өзгеруі және жазаны өтеудің басқа шартына ауыстыруға, сондай-ақ ТМ-нен тысқары шығуға, сотталғандардың өздігінен қызмет ету ұйымдарының жұмыстарына көмек береді, жасақтағы сотталғандарға аттестаттауды жүргізеді.

51. Сотталғандарды аттестаттау - бұл ЖТК мүшелерінің ұжымдық бағасы, сотталғандардың жазасын өтеу тәртібінің нақты мерзімі, сондай-ақ олардың түзетілу дәрежесін анықтау. Ол:

1) сотталғанға жеке әсер етудің тиімділігін күшейту;

2) жазаны өтеуде режим түріне, ұстау шартына, жасына, біліміне, тәртібіне, өткізілетін тәрбие іс-шараларына қатысты, ТМ-нің жалпы қоғамдық өміріне қатысуын ескере отырып сотталғанның жеке тұлғасын жан-жақты зерттеу;

3) тәрбие жұмыстарында нысанды, құралды, әдістер мен себептерді дифференциалды түрді анықтауда және пайдалану;

4) түзелу деңгейін анықтау, тәрбиелік әсердің ұзақ мерзімге арналған жеке жоспарын анықтау;

5) аттестаттау қорытындысы ТМ-нің комиссиясында пайдаланылу мақсатында жүргізіледі.

52. Ұжымдық ЖТК-нің отырыстарында сотталғандармен әрі қарай жеке-тәрбие жұмысы бойынша ұсынымдар іске асырылады, ол жеке-тәрбие жұмысының күнделігіне жазылады.

53. Сотталғанды алғашқы аттестаттау жазаны өтеудің шартты түрінде жазаны өтеу бойынша өткізіледі: түзеу колониясында (бұдан әрі - ТК) жалпы режимде - 6 ай; қатаң режимдегі ТК - 9 ай; ТК-нің ерекше режимінде - 12 ай; түрмеде - 12 ай; ТК-да өмірлік бас бостандығынан айырылған сотталғандар үшін - 10 жыл; ЖТК-ның жалпы режимдегі - 3 ай; ЖТК-ның күшейтілген режимдегі - 6 ай; абайсыздан қылмыс жасаған сотталғандар үшін қоныс-колониясы (бұдан әрі - ҚК ) - 12 ай; ҚК жақсы мінездеме берілген сотталғандар аттестациядан өтпейді.

54. Жазаны өтеуде жеңілдетілген, шартты сотталғандарды аттестациялау қажет болған жағдай бойынша өткізіледі, бірақ жылына бір реттен кем болмауға тиіс. Жазаны өтеудің қатаң шартында аттестациялау өткізілмейді.

55. Сотталғандарды аттестациялау қорытындысы мінездемемен ресімделеді. Айып изоляторында, тәртіптік изоляторында, камералық типтегі үй-жайда ұсталатындардан басқа барлық сотталғандар аттестаттаудан өтеді.

56. ЖТК сотталғанның әр қайсысына қатысты мәліметтерді қарастыру бойынша негізінде мынадай түзеу дәрежелерін анықтауы мүмкін:

Жағымды мінездiлер:
1) өзiнiң түзелгенiн дәлелдедi;
2) нақты түзелу жолына түстi;
3) түзелу жолына түстi.
Терiс мінездiлер:
Түзелу жолына түспедi.

57. Түзелу дәрежесi туралы мiнездемесiмен және ЖТК отырысының хаттамасы туралы шешiмдерiнiң көшiрмесi сотталғанның жеке iсiне қоса тiгiледi.

58. Түзелу дәрежесi туралы ЖТК қорытындылары сотталушының ( сотталғандардың) назарына ЖТК отырыстарында және жергiлiктi радиобайланыс торабы, сондай-ақ ТМ-нiң қабырға газетi жеткiзiледi.

59. Жағымды түзелу дәрежесi бар сотталушының өтеуде белгiленген тәртiптi қатаң бұзғаны үшiн бұл дәрежеден айырылады. ЖТК отырысында қайта қарау тек жаза өтелгеннен (алынғаннан) кейiн бiрақ кем дегенде үш ай өткеннен соң ғана мүмкiн. Түзетiлу дәрежесiн анықтау осы нұсқаулықтың 50, 54, 56 тармақтарының негiзiнде өткiзiледi.

60. ЖТК шешiмi ұсыным сипатында болады. ЖТК жұмысының нәтижелерi қажеттiлiк шаралары бойынша, ТМ қызметкерлерiнiң жалпы жиналыстарында қаралады, бiрақ жылына бiр реттен аспауы керек.

61. Жасақта сотталғандармен тәрбие жұмысына аға нұсқаушы-психолог қатыстырылып, ол:

1) сотталушының жеке басына барынша терең зерттеу жүргiзедi;

2) негiзгi референттiк топтарды анықтайды, сотталғандардың арасында өзара қарым-қатынасты пысықтайды;

3) қызметкерлермен және сотталғандардың арасындағы келiспеушiлiк жағдайлардың себептерi мен жанжалдан туындаған уәждердi зерттейдi;

4) ТМ басшылығымен және тәрбие аппаратының қызметкерлерiмен кеңестiк жұмыстар жүргiзедi және жазаны өтеудiң белгiленген тәртiбiн бұзудың алдын-алу жөнiндегi ұсынысты әзiрлейдi;

5) сотталғандардың түзелу жұмысына озат тәжiрибенi енгiзедi;

6) ТМ қызметкерлерiнiң өтiнiмi бойынша сотталғандарға психологиялық зерттеу жүргiзедi (6 қосымша).

## 6. Жазаны өтеудiң жәй түрiндегi тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшелiктерi

62. Жазаны өтеудiң жәй түрiндегi тәрбие жұмысын ұйымдастырудың мақсаты жазаны өтеп жатқан сотталғандардың ТМ шартына бейiмделуi болып табылады.

63. Жазаны өтеудің жәй түрінде тәрбие жұмысын ұйымдастырудың міндеттері мынадай:

1) сотталғандарға заңда көрсетілген олардың құқықтары мен міндеттерін, еңбек пен демалыс тәртіптерін түсіндіру;

2) ТМ-нің жұмысын регламенттейтін және жазаны орындауды реттейтін заңнамалық актілермен танысуын қамтамасыз ету;

3) ТМ-нің Ішкі тәртібінің ережелерін бұлжытпай орындауға, сотталғандарға заңға бағыну әдебінің негізін үйрету;

4) сотталғанның жеке басын терең және жан-жақты зерттеу;

5) қоршаған ортаның қарсы бағыттағы ықпалдарына қарсы тұратын психологиялық дайындығын оған тәрбиелік ықпалдық дұрыс қабылдануын анықтау;

6) Ұқыптылық, мәдениеттілік дағдыларының бойына сіңуі мен дамуы өндірісте және тұрмыста техника қауіпсіздігін және санитарлық, гигиеналық талаптарды сақтау;

7) Білім, мамандық алуға спортпен шұғылдануға, кітаптар оқуға, ұмтылуды қалыптастыруда.

64. Жасақ бастығы жазаны өтеудің жәй түріндегі сотталғанды жаза мерзімін өтеу бойынша ұсыну үшін ТМ-нің комиссиясына мынадай құжаттарды:

1) түзелу дәрежесі туралы қортындыларымен мінездемені;

2) ЖТК отырысының хаттамасынан көшірмесін;

3) сотталушының жеке - тәрбие жұмыстарының күнделігін дайындайды.

65. ТМ комиссияның жеңілдетілген жағдайға ауыстыру не болмаса жәй түрдегі қалдыру туралы шешімі хаттамаланады, көшірмесі жеке іске тіркеледі, ал сотталғанның жеке-тәрбие жұмыстарының күнделігіне тиесінше жазбалар жазылады.

## 7. Жеңілдетілген жағдайда жазаны өтеудегі тәрбие жұмысының ұйымдастыру ерекшеліктері

66. Жеңілдетілген жағдайда жазаны өтеудегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың мақсаты:

1) бейімделу үрдісінің аяқталуы;

2) жәй түрдегі қалыптасқан оң дағдыларды бекіту және одан әрі дамыту болып табылады.

67. Жеңілдетілген жағдайда тәрбие жұмысының негізгі міндеттері:

1) сотталғандарды ТМ-нің қоғамдық қызметіне қатыстыру;

2) оң қабілеттіктерімен құлшыныстарын көрсету үшін жағдай жасау;

3) өзін-өзі тәрбиелеу сабағына ниеттеу;

4) білім мен мамандық алудағы пайдалы бастамашылығын көтермелеу;
5) от басымен байланысты нығайту;
6) өзінің кінәсін мойындауға бекемдігі, түзелуге талпыну болып табылады.

68. Сотталушы жеңілдетілген жағдайда жазасын өтеу кезінде жылына бір рет аттестаттауға тартылады, оң тәртібін бекем бекіту дәрежесі және оның одан әрі түзетілімі анықталады.

## 8. Жазаны өтеудің қатаң жағдайдағы тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері

69. Жазаны өтеудің қатаң жағдайдағы тәрбие жұмысын ұйымдастырудың мақсаты:
1) сотталғанның заңсыз мінезінің себебін зерттеу және жою;
2) сотталушының оған деген тәрбиелік ықпалын дұрыс түсінуіне қалыптастыру, өзінің кінәсін мойындау болып табылады.

70. Жазаны өтеудегі қатаң жағдайдағы тәрбие жұмысын ұйымдастырудың міндеттері:
1) сотталғанды өрескел тәртіп бұзушы деп тануға себеп болған жағдай мен себептерді терең және жан-жақты талдау;
2) психологтық-педагогтық ықшамдау тәжірибеде қолданылатын түрін, құрал-жабдық пен тәсілдерін іздестіру және бекіту;
3) сотталушымен тәрбие жұмысында онымен оңды қарым-қатынас қалыптастыру;
4) заңға бағыну мінез-құлқын, төңіректегі ақихатты дұрыс түсінуге қалыптастыру;
5) ТМ-нің қоғамдық қызметіне қатыстыру болып табылады.

71. Сотталушы қатаң жағдайдағы жасаққа келген соң жасақ бастығы оның жеке ісімен мұқият танысады, сотталғанның жеке - тәрбие жұмыстары күнделігіндегі, аға нұсқаушы-психологтың ұсынысын зерттейді.

72. Жасақ бастығы жеке басын зерттеу мақсатында сотталушылармен жеке-тәрбиелік әңгіме өткізеді, сотталушының одан әрі жазаны өтеудегі ниетін анықтайды. Алынған мәліметтерді сотталушының жеке-тәрбиелік жұмыс күнделігіне жазады.

73. Жасақ бастығы қатаң жағдайда жазаны өтеудің белгіленген мерзімін аяқтауы бойынша ТМ-нің жәй-түрдегі комиссиясына ұсыну үшін мынадай материалдарды:
1) жазаның мерзімін одан әрі жәй түрдегі жағдайда өтеудің дайындық

дәрежесі туралы қорытындылары бар мінездеме;
2) ЖТК отырысындағы хаттамадан көшірме;
3) сотталғанның жеке-тәрбие жұмысы күнделігін дайындайды.

74. Сотталғандарды жазасын өтеудің жәй түрдегі жағдайына көшіру немесе қатаң жағдайда қалдырылуы туралы ТМ комиссиясының шешімі хаттамаланады, көшірмесі жеке іс қағазға қосылады, ал сотталушының жеке-тәрбие жұмысы күнделігіне тиісті жазба жазылады.

## 9. Жазаны өтеудің жеңілдетілген жағдайдағы тәрбие жұмысының ұйымдастыру ерекшеліктері

75. Жазаны өтеудің жеңілдетілген жағдайында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың мақсаты:
1) сотталушының әлеуметтік бейімделуіне көмектесу;
2) сотталушының бостандықтағы өмірге дайындық дәрежесін тексеру болып табылады.

76. Жеңілдетілген жағдайда тәрбие жұмысын ұйымдастырудың міндеттері:
1) түзелу қорытындыларын бекіту;
2) босатылғаннан кейін еңбекке орналасу мүмкіндігі;
3) от-басымен байланысын нығайту;
4) өзін-өзі тәрбиелеу, өз тәртібін дербес реттеуге қабілеттілік, бостандықтағы өмірге психологиялық даярлық нәтижелерін бекіту болып табылады.

## 10. Сотталғандармен оларды босатуға дайындау кезіндегі тәрбие жұмысы

77. ТМ-да жазасын өтеп жатқан адамдарды босатуға дайындық ТМ-ға келген бірінші күннен басталады.

78. Сотталғандарды босатуға даярлық жұмыстарын ұйымдастыру тұрмыстық және еңбекке орналастыру жөніндегі аға инспекторына жүктеледі. ТМ-ның барлық қызметкерлері босатуға даярлық сабақтарының өткізілуіне қатыстырылады.

79. Тәрбие жұмыстары жөніндегі ТМ бастығының орынбасары бекіткен және сотталғандардың арасындағы тәрбие жұмыстары жөніндегі бөлім бастығы әзірлеген арнайы бағдарлама бойынша ТМ-нен сотталғандарды босатуға даярлық сабақтары өткізіледі.

Бағдарламада өзіне құқықтық және ұйымдастыру, босатылатындарға төлқұжаттар (жеке куәлік) беру тәртібімен таныстыру және тұрақты мекен-жайы бойынша тіркелу, сотталғандығын алу және шығару шарттарымен тұрмыстық, еңбекке орналастыру, әкімшілік бақылау және сотталғандардың босатылғаннан

кейінгі өмірін жайғастыруға байланысты басқада бірқатар мәселелер қамтылуы тиіс.

Сонымен бірге, бағдарлама сотталғанның босатылуға психологиялық дайындығын көздеуге тиіс (алаңдаушылықты алып тастау, болашақта босатылуына байланыстылық, Тұрмыстық және жұмысқа орналасуға белгісіздік, қылмыстан зардап шеккен олардың туыстарымен, көршілерімен, достарымен, туғандарымен, ағайындарымен, және т.б. өзара қарым-қатынастағы мәселелер болу мүмкін).

80. Аға нұсқаушы-психолог:

1) жаңа өмірдегі жағдайларға сотталған адамның арнайы психологиялық дайындығын жүргізеді;

2) сотталушыға еңсеруге әрқашан дайын емес ерекше қиындықтар туралы әңгіме өткізеді;

3) сотталғандардың ой-өрісін, сезімін, әдетін, психологиялық жағдайын, дұрыс тәртібін жаңа жағдайға қалыптастыруға көмектеседі;

4) ішкі қарсылықпен ауыртпалықты қосымша қуатты шығындамай-ақ және жаңа әлеуметтік ортаға және ондағы қызметке оның тез орналасуын қамтамасыз ететін, жаңа өмір сүру жағдайына психологиялық әзірлігін қалыптастырады.

81. Босатылғанға дейін 6 айдан кешіктірмей, әрбір сотталушы мекеме бастығының атына өтініш жазады (7-қосымша), онда баратын мекен-жайы, жұмыс орны және тұрмыстық және жұмысқа орналасуы бойынша қандай көмек керектігі көрсетіледі.

81-1. Бас бостандығынан айыру мерзімі аяқталғанға дейін алты айдан кешіктірмей сотталған таңдаған тұрғылықты жері бойынша республикалық маңызы бар қала, астана, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) жергілікті атқарушы органдарына оның босатылуы, үй-жайы бары туралы, оның еңбекке жарамдылығы және мамандықтары (15 қосымша) туралы хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 81-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2007.12.05. N 327 Бұйрығымен.

82. Тұрмыстық және еңбекке орналастыру көмегіне мұқтаж барлық сотталғандар тұрмыстық және жұмысқа орналастыруға мұқтаж адамдардың арнайы журналында есепке алынады (8-қосымша).

83. Босатылған адам тұрмыстық және еңбекке орналастыруға көмектің қажеттілігіне қарамастан, таңдалған мекен-жайдағы жергілікті қалалық (аудандық) ішкі істер органына сол адамды тұрмыстық және еңбекке орналастыруға мүмкіндігі туралы сұрау салынады (9-қосымша).

84. Жазаны өтеу мерзімі аяқталғанға дейін 20 күннен кешіктірмей, ал өзге негіздер бойынша босатылу кезінде, босатылғаннан кейін бір жұмыс күнінің

ішінде оның таңдаған мекен-жайы бойынша қалалық (аудандық) ішкі істер органдарына хабарлама (10-қосымша) жіберіледі.

Ескерту: 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 2009.09.17. N 125 бұйрығымен.

85. Сотталғандарды босатуға даярлық жұмыстарының нәтижелері сотталған адамның жеке-тәрбие күнделігінде көрсетіледі, материалдар сотталған адамның жеке ісіне тіркеледі.

## 11. Жасақ бастығының, аға нұсқаушы-психологтың құжаттамасы

86. Жасақ бастығы мынадай құжаттаманы жүргізеді:

1) жасақ бастығының журналында мыналар: жасақтағы сотталғандар құрамының тізімі; сотталғандарды көтермелеуді және жазалауды есепке алу журналы; тәртіптік практиканың талдауы; сотталғандардың және жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзуға бейім адамдардың және алдын-алу есебінде тұрған сотталғандардың тізімі жасақтағы тәрбие жұмыстарының тоқсанға арналған жоспары бірыңғай кешенді көрсетіледі;

2) сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысының күнделігі;

3) сотталғандардың жасақта өткізілетін сабақтар мен іс-шараларға қатысуының есептік журналы;

4) ЖТК хаттамаларының журналы;

5) сотталғандарды жеке мәселелерімен қабылдау журналы.

87. Аға нұсқаушы-психолог мынадай құжаттама жүргізеді (11-қосымша):

1) карантинде сотталғандарды қабылдау журналы;

2) жеке мәселелері мен психокеңес бойынша қабылдау журналы;

3) психологиялық диагностикалық тексеріс хаттамаларының журналы;

4) сотталғандардың туыстарына арналған кеңес журналы;

5) алдын-алу есебінде тұрған адамдардың картотекасы.

## 12. Жалпы орта білім беретін мектептің педагогикалық ұжымының сотталғандармен жүргізілетін тәрбие жұмысына қатысуы

88. Жалпы орта білім беретін мектептің педагогикалық қызметкерлері үйірме, сынып пен мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастырады және жүргізеді.

89. ТМ мектебінің мұғалімдері:

1) жасақ бастықтарымен (тәрбиелеушілер) бірлесіп әр сотталушының жеке мінез-құлық ерекшелігін бақылауын жеке тәрбие дәптеріне енгізеді;

2) тәрбиелік және мерекелік іс-шараларды дайындауға, өткізуге белсене қатысады;

3) пәндік және тақырыптық үйірмелерді, қызығушылық бойынша клубтарды, көркемөнерпаздар үйірмесін басқарады, диспуттар және басқа да тәрбие іс-шараларын ұйымдастырады;

4) сабақта, үзілісте және сыныптан тыс іс-шараларды жүргізгенде сотталғандар арасында тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді.

90. Жалпы білім беретін мектепте оқымайтын сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыруға көмектесу үшін мектеп директорының ұсынысы бойынша ЖТК құрамына мұғалімдер енгізіледі.

91. Мектеп қызметкерлерінің тәрбие іс-шараларына қатысуына жалпы басшылықты мекеме бастығының тәрбие жұмысы бойынша орынбасары жүргізеді, ал мектепте тәрбие жұмысының ұйымдастырылуын мектеп директоры басқарады.

## 13. Діни және қоғамдық ұйымдардың сотталғандармен жүргізілетін тәрбие жұмысына қатысуы

92. Заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық және діни ұйымдардың өкілдері ТМ-ге кіре алады.

93. Діни және қоғамдық ұйымдар өкілдері, ТМ мекеме әкімшілігінің және сотталғандардың келісімімен рухани-өнегелік жұмыс жүргізіп және мейірмандық көмек көрсете алады.

Сонымен бірге ТМ мекеме әкімшілігі қоғамдық және діни өкілдерін қоғамда қабылданған өнегелік қағидаларды сотталғандарда қалыптасуына және сотталғандардың ортасында дұрыс қалыпты психологиялық ахуал құрылуына, тәрбие ықпалына қиын әсер ететін сотталған адамдарға аса ерекше назар аударуға бағыттайды.

94. ТМ әкімшілігі қоғамдық және діни ұйымдардың өкілдеріне ТМ-не келген кездесуге дейін тәртіп талабын жеткізеді және олардың жеке бас қауіпсіздігінің шараларын қамтамасыз етеді.

95. ТМ мекеме әкімшілігімен қоғамдық және діни ұйымдардың жетекшілері бірлескен іс жоспар, сондай-ақ ТМ-ға кіру кестесін жасайды.

96. <*>

Ескерту. 96-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2011.07.29 № 274 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

97. Сотталғандардың ар және дін сенім бостандығына құқықтарын іске асыру мекеменің ішкі тәртіп ережелерін бұзбауға сондай-ақ адамдардың құқықтарына қысым жасамауға тиіс.

## 14. ТМ-әдістемелік кеңесі

98. ТМ-да сотталғандармен қоғамдық және ағартушылық жұмыс орталығы - әдістемелік кабинет болып табылады.

Әдістемелік кабинетте сотталғандармен тәрбие жұмысының теориясы мен әдісі бойынша әдебиеттер; құқықтық, педагогикалық және психологиялық мәселелер бойынша құралдар; анықтама мен мерзімді әдебиеттер; көрнекі құралдар; бұйрықтар; нұсқаулықтар; әдістемелік ұсынымдар; Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (бұдан әрі - ҚАЖ комитеті) мен ҚАЖК аумақтық ҚАЖД жазаны өтеу мәселелері және нұсқаулары бойынша дыбыс-бейнетекалар орналасады.

99. Әдістемелік кабинеттің қызметін ұйымдастыру үшін ТМ бастығының бұйрығымен тәжірибелі қызметкерлердің ішінен ТМ тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімнің бастығы бас болып бес адамнан тұратын әдістемелік кеңес құрылады. ТМ бастығының бұйрығымен бір жылға ТМ әдістемелік кеңесінің құрамы бекітіледі. ТМ бастығының тәрбие жұмыстары бойынша орынбасары ТМ-нің әдістемелік кеңесінің жұмысын басқарады.

100. ТМ әдістемелік кеңесі тоқсандық жоспар бойынша жұмыс істейді, онда кабинеттегі - кеңестік, талдау және насихаттық қызметтің негізгі бағыттары көзделеді.

ТМ-нің әдістемелік негізгі бағыттары қызметтің көзделеді кеңестің жұмыс жоспарын ТМ комиссиясының отырысында талқылаудан кейін ТМ-нің тәрбие жұмысы бойынша бастықтың орынбасары бекітеді.

101. ТМ әдістемелік кеңесінің басты міндеті ТМ қызметкерлердің сотталғандармен қарым-қатынаста педагогикалық шеберлікті арттыруға жәрдемдесу, сотталғандарға түзеу ықпалының оң әдістері мен нысандарын іс жүзінде енгізу ұсынымдарын әзірлеу болып табылады.

Осы мақсатта ТМ әдістемелік кеңесі:

1) ТМ жазаның орындалуы бойынша жұмыстың жай-күйін қорытады және талдайды;

2) жоғарғы тұрған органдардан түскен жазаны орындау мәселелері бойынша нұсқаулықтарды және басқа да нормативтік құжаттарды зерделейді және қажет кезде ТМ қызметіне енгізу бойынша ұсынымдарды немесе іс шаралар жоспарларын әзірлейді;

3) қызметкерлерге кеңес береді және олардың жазаны орындау мәселелері бойынша ақпараттық қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;

4) қызметкерлерге қызмет дайындығы сабағында психология және педагогиканың озық жетістіктерін насихаттайды;

5) тұрақты жұмыс істейтін кәсіби шеберлікті шыңдау мектебін;

6) ТМ комиссиясына жазаны орындаудың тиімділігін жоғарылату және сотталғандармен алдағы әдістемелік жұмысты енгізу мәселелері бойынша ұсыным жасайды.

## 15. ҚАЖК аумақтық ҚАЖД әдістемелік кеңесі

102. ҚАЖК аумақтық ҚАЖД әдістемелік кеңесі (бұдан әрі - ҚАЖКБ әдістемелік кеңесі) тұрақты жұмыс істейтін кеңес органы болып табылады.

103. ҚАЖК ҚАЖД әдістемелік кеңесі ҚАЖК аумақтық ҚАЖД бастығының бұйрығымен саны кем дегенде 7 адамнан аспайтын тәжірибелі қызметкерлердің қатарынан 1 жылға құрылады.

ҚАЖК ҚАЖД әдістемелік кеңесінің төрағасы болып ҚАЖК аумақтық ҚАЖД бастығының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары тағайындалады, ҚАЖК ҚАЖД әдістемелік кеңесінің мүшелері ТМ қызметкерлері, жұртшылық өкілдері болуы мүмкін.

ҚАЖК ҚАЖД әдістемелік кеңесінің іс қағаздарын жүргізу оның мүшелерінің құрамынан сайланған хатшыға жүктеледі.

104. ҚАЖК ҚАЖД әдістемелік кеңесі:

1) тәрбие жұмысының практикасын және оның ТМ-да ұйымдастырылуын зерттейді және талдайды, озық әдістер мен үлгілерді, басқа ТМ-ді тарата отырып анықтайды;

2) тәрбие іс-шараларын жүзеге асыру және ұйымдастыру қызметіндегі тиімді нәтижелері бар ТМ қызметкерлері мен басшыларын көтермелеу туралы ҚАЖ Комитеті және ҚАЖК аумақтық ҚАЖД басшыларына ұсыныс енгізеді;

3) ҚАЖК ҚАЖД әдістемелік кеңес мүшелерінің, ТМ қызметкерлерінің, сондай-ақ тәрбие үрдісін жетілдіру мәселелері бойынша әдістемелік бөлме басшыларының ақпараты мен баяндамаларын тыңдайды;

4) ТМ-ның жұмыс тәжірибесіне нақтылы ғылыми және әдістемелік ұсынымдарды енгізу жоспарларын қарастырады;

5) ҚАЖК аумақтық ҚАЖД басшылығына облыстардағы ТМ тәрбие жұмыстарын жетілдіру жөніндегі ұсынымды және пікірді қарауға ұсынады;

6) сотталғандармен тәрбие жұмыстарының әдістері мен жаңа үлгілерін ҚАЖ комитетінің әдістемелік ұсынымдарын іс жүзінде енгізу бойынша ТМ әдістемелік бөлмесіне практикалық көмек көрсетеді;

7) әдістемелік конференцияларды, жалпы республикалық іс-шараларды өткізу

мен дайындауға діни қызметкерлерді, орта және жоғарғы оқу орнының мұғалімдерін, демеушілерді, қоғамдық өкілдерді тартуға қатысады.

105. ҚАЖК ҚАЖД әдістемелік кеңесі ҚАЖК ҚАЖД әдістемелік кеңесінің мәжілісінде бекітілген тоқсандық жоспар бойынша жұмыс істейді. Мәжіліс қажеттілігіне байланысты кем дегенде тоқсанына бір рет жүргізіледі.

106. ҚАЖК ҚАЖД әдістемелік кеңесі ТМ нақтылы әдістемелік ұсынымдарды талдау, бірыңғай педагогикалық талаптарды өңдеу, сондай-ақ ТМ әкімшілігінің мәселелеріне практикалық көмек көрсету әкімшілігіне ТМ қызметіне әр-түрлі бағыттарын топтастырып және оқытуда мынадай:

1) педагогика және психология негізі бойынша оқуды ұйымдастыру бойынша , қызметкерлердің кәсіби шеберлігін көтеруге;

2) алдын-алу жұмыстарының тиімділігін көтеруге;

3) психология-педагогикалық жұмыстардың тиімділігін көтеру әдістері мен үлгілерін жетілдіруге;

4) сотталғандармен жеке психология-педагогикалық жұмыстардың тиімділігін көтеруге;

5) сотталғандардың түзелу үрдісінде моральдық және материалдық ынталандыруды қолдануға;

6) сотталғандармен психология-педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру үрдісіндегі сотталған адамдардың бос уақыттарын лайықты пайдалану және ұтымды келістіруге;

7) сотталған адамдарды ақтау және түзелуіне діни, қоғамдық, мемлекеттік емес ұйымдарды тарту жөніндегі жұмыстың әдістері мен үлгілерін жетілдіруге;

8) сотталғандардың босатылуының практикасын жинақтау, оларды бас бостандығын айыру орындарынан босағаннан кейін тұрмыстық және еңбекке орналастыруға практикалық көмек көрсетеді.

107. ҚАЖК ҚАЖД әдістемелік кеңестің шешімі ұсынылатын сипатта беріледі .

## 16. ТМ-нің комиссиясы

108. ТМ-нің комиссиясы жазаны орындау бойынша жұмысты ұйымдастыру мәселелерін қарастыру үшін құрылады.

109. ТМ-нің комиссия құрамына ТМ бастығы, ТМ-нің бастығының орынбасарлары, жедел, режим және тәрбие бөлімдерінің (бөлімше, топ), ТМ психологы басшылары кіреді. ТМ-нің комиссияның төрағасы ТМ-нің бастығы, хатшы-арнайы бөлім (бөлімшелер) бастығы болып табылады. ТМ-нің Комиссия құрамы ТМ-нің бастығы бұйрығымен бір жылға бекітіледі.

ТМ комиссиясының жұмысына қоғамдық бақылау комиссиясының,

жергілікті атқару органдарының (аудандық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, Астана қаласы) және депутаттардың өкілдері дауыс беру құқығынсыз қатысуы мүмкін.

Ескерту: 109-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185, 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

110. ТМ-нің комиссиясы келесі мәселелер бойынша тиісінше шешімдер шығарады және енгізеді:

1) сотталғандарды жазаны өтеудің бір жағдайынан басқасына ауыстырылуы, сондай-ақ түрмеде ұсталатын режимнің жалпы түрінен қатаң және қатаң түрін жалпыға сотталғандарды ауыстыруға;

2) сотталғанға жазаны өтеудің шартты түрде - мерзімінен ерте босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның жеңіл түрін қолдану туралы қолдаухат;

3) оң мінезді сотталғандарды ТМ-нің жалпы және қатаң режимді ҚК-ның түрмеден ТК-на ауыстырылуы;

4) белгіленген тәртіппен ҚК және ТМ-де жазаны өтеуде қылмыстық өрескел бұзушылықтарды ауыстыру, оның түрі алдын-ала ҚК-ның сотымен анықталады, олар соттың өкімі бойынша режим жалпы ТМ жіберілген, ТМ-нен жалпы және қатаң режимдер - түрмеге;

5) жаңа келген сотталғандарды карантиндік бөлімшеде нақты мерзімді өтелгеннен кейін жасақ бойынша орналастыру;

6) карантин бөлімінде белгіленген мерзімін өтегеннен кейін жасақтар бойынша қайтадан келген сотталғандарды бөліп-таратады;

7) қашуға бейім ретінде сотталғанның алдын-алу есебінде тұруын ұзарту немесе алып тастау.

Ескерту. 110-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2007.12.05. N 327, 2010.02.25 N 67 Бұйрықтарымен.

110-1. ТМ комиссиясы сотталғанға рақымшылық туралы қолдаухатта өзінің осы қолдаухаттың іс-жүзіндегі көзқарасын білдіреді.

Ескерту: 110-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 69 бұйрығымен.

111. ТМ-нің комиссиясы:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі және ҚАЖ комитетінің жазаларды орындалуын ұйымдастыру, бұйрықтардың талаптарын, нұсқаулары мен түсіндірулері;

2) сотталғандарды ұстау жағдайларын қамтамасыз ету;

3) оқу және тәрбие жұмыстары жағдайын, сотталғандарды ұстау және тәртіптік режимі, оларды жақсартуға іс-шараларды іске асыру;

4) сотталғандардың дербес ұйымдарының жұмыстары;

5) сотталғандардың еңбекпен шұғылдандыру және еңбек тәрбиесін ұйымдастыру бойынша ұсыныстарды талқылайды және әзірлейді.

112. ТМ-нің комиссиясы ТМ-нің қызметкерлерінің ұжымының жиналысында істеліп біткен жұмыстар туралы мерзімді есеп береді.

## 17. ТМ-де ұсталатын сотталғандарды шартты түрде-мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жазаға ауыстыру және ТМ түрін өзгертуді ұсыну тәртібі

113. ТМ-нің комиссиясында қаралуға арналған жаза мерзімінің заңмен белгіленген бөлігін өтеп біткен әрбір сотталғанға жасақ бастығы мына құжаттарды дайындайды:

1) белгіленген үлгі бойынша мінездеме (12 қосымша);

2) белгіленген үлгі бойынша көтермелеулер мен жазалау туралы анықтамаларды (13-қосымша);

3) Талап арыздың болуы және өз еркімен қайтару туралы анықтама.

Ескерту. 113-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.02.25 N 67 Бұйрығымен.

114. ТМ-нің комиссия хатшысына:

1) соттық, нақты мәліметтер мазмұны бар қолдаухат; бас бостандығынан айыру мерзімінің өтеліп біткені туралы мәлімет;

2) белгіленген тәртіппен ресімделген жеке іс ұсынылады.

Ескерту. 114-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.02.25 N 67 Бұйрығымен.

115. ТМ-нің комиссия отырысы мекеменің тұрмыстық зонасында, ал түрмеде, тергеу изоляторында және ТМ өмірлік бас бостандығынан айырылған сотталғандарға - режимдік зонада өткізіледі.

116. ТМ комиссиясы отырысының күні мен орны туралы сотталғандар комиссия хатшысымен оның жұмысы басталуға бір күннен кешікітірілмей хабарландырылады.

117. Шартты түрде - мерзімінен бұрын босату жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жазамен ауыстырылуын немесе одан бас тарту, сондай-ақ ТМ түрін ауыстыру немесе бас тарту туралы қаулыны шығару ойын ұсыну мүмкіншілігі туралы комиссия мүшелері комиссия отырысында сотталған болмаған кезінде ашық дауыс беру арқылы білдіреді. Шешім егер ол үшін комиссия мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берсе қабылданды деп есептеледі. Төрағаның дауысы

комиссияның бір мүшесінің дауысына теңестіріледі.

Ескерту. 117-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.02.25 N 67 Бұйрығымен.

118. Шартты түрде-мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жазамен ауыстыру туралы немесе одан бас тарту туралы, сонымен қатар ТМ түрін өзгерту немесе бас тарту туралы қаулыны шығару туралы комиссия шешімді сотталғанға комиссияның отырысында оның мүшелерінің қатынасуымен, аталған нұсқаулықтың 119-тармағымен айқындалған тәртіп бойынша қолдаухатпен немесе қаулымен кейінгі кезде таныстырумен ауызша түрде комиссияның төрағасымен хабарланады.

Ескерту. 118-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.02.25 N 67 Бұйрығымен.

119. Шартты түрде-мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жазамен ауыстыру туралы немесе одан бас тарту туралы, сонымен қатар ТМ түрін өзгерту немесе бас тарту туралы қаулымен комиссия хатшысы ТМ комиссиясының отырысынан кейінгі бір күннен кешіктірмей қол қою арқылы таныстыруы керек (демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда). Өтінішті одан әрі сотқа енгізу үшін 7 күн ішінде прокуратураға жіберіледі.

Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.02.25 N 67 Бұйрығымен.

120. Сотталғанның ТМ комиссиясының шешіміне заңмен белгіленген тәртіпте жаза өтеу жері бойынша прокуратураға немесе сотқа шағымдануға құқығы бар.

ТМ комиссиясы шешіміне сотталғанның шағым беру құқығын комиссия төрағасы ТМ комиссиясының отырысы күнінде сотталғанға хабарлайды.

Ескерту. 120-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.02.25 N 67, 2010.09.27 N 268 (ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

121. ТМ - комиссиясының отырысы хаттамамен ресімделеді, оған хатшы және төраға қол қояды.

122. Хаттамада:

1) сотталғанның тегі, аты, әкесінің аты, бабы, мерзімі, мерзімнің басталуы мен аяқталуы, нақты өтеліп біткен бөлігі;

2) бұрыңғы сотталғандығы (сандық есебі);

3) жазаны өтеудің барлық кезеңіне қысқаша мінездеме мәлімет;

4) ТМ комиссиясының шешімі көрсетіледі.

123. Шартты түрде-мерзімінен бұрын босатудан, жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жазамен ауыстырудан бас тарту туралы шешім қабылдау жағдайда оның себебі көрсетіледі және қолдаухат шығарылады. ТМ түрін өзгертуге ұсынудан

бас тарту туралы шешім қабылдау жағдайда қаулы шығарылады.

Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.02.25 N 67 Бұйрығымен.

124. Шартты түрде-мерзімінен бұрын босатуға, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы қолдаухатты, сондай-ақ ТМ түрін өзгертуге ұсыну туралы қаулыны шығару мәселесін ТМ комиссиясының отырысында қайта қарау бас тарту туралы сот қаулысы шығарылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін орын алуы мүмкін.

Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010.02.25 N 67 Бұйрығымен.

125. ТМ комиссиясы ұсынылатын құжаттар сотталғанның жеке ісіне қосымша берілетін (мінездеме, марапаттау және жазалау туралы анықтама, талап арыз және өз еркімен орнын толықтыру, сонымен қатар ТМ комиссиясының шешімі туралы хаттама мен қолдаухат шығуы) сотталғанның жеке ісіне тігіледі.

Ескерту: 125-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.

126. ТМ комиссиясының отырысы ережеге сай, айдың әрбір бірінші және үшінші сейсенбісінде өткізіледі. Шешім отырыста комиссия мүшесі кейін жартысынан көбі қатысқан кезде көп дауыспен қабылданады және ТМ бастығымен бекітіледі, ТМ-нің қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.

126-1. Заңмен белгіленген жаза мерзімінің бөлігін өтеген сотталғанның шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін екендігі туралы жәбірленушіні уақытылы хабардар ету мақсатында, сотталғанның заңмен белгіленген жаза мерзімінің бөлігін өтегенге дейін 6 айға кешіктірмей ТМ-нің арнайы бөлімі (бөлімше, топ) үкім шығарған соттан жәбірленушінің немесе оның өкілінің мекен-жайын сұратады.

Ескерту: 126-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21. N 185 бұйрығымен.

126-2. Сотталғанның заңмен белгіленген жаза мерзімінің бөлігін өтегенге дейін екі ай ішінде ТМ-нің арнайы бөлімі (бөлімше, топ) жәбірленушіні немесе оның өкілін тапсырыс хат арқылы поштамен үкім шығарған сот ұсынған мекен-жайына шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу мүмкін екені туралы хабарлайды (14-қосымша).

Ескерту: 126-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007.06.21 . N 185 бұйрығымен.

## 18. ТМ-дегі сотталғандардың дербес ұйымдары

127. Сотталғандардың дербес ұйымдары Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің және ҚАЖ комитетінің бұйрықтарымен және нұсқауларымен, сондай-ақ осы Нұсқаулықпен құрылады және өз жұмысында оларды басшылыққа алады.

128. Сотталғандардың дербес ұйымдар жұмысына қатысуы азаматтық белсенділік және саналық еркіндігінің айқындығы болып табылады. Дербес жұмыс істейтін ұйымдардың құрамына кіретін сотталғандар, бастапқы қоғамдық жұмыстарды істейді және негізгі жұмыстардан босатылмайды, қосымша жеңілдіктер мен ерекше жеңілдіктерді қолданбайды.

129. ТМ дербес ұйымдардың қызметі мен қалыптасуын бақылау ТМ бастығының тәрбие жұмыстары бойынша орынбасарына, ал жасақ бөлімінде - жасақ бастығына жүктеледі.

130. Дербес ұйымдарының негізгі тапсырмалары сотталғандардың тұрмысы мен демалысын, еңбегін ұйымдастыру мәселелерін шешуге қатысу, түзелуіне әсер ету және қоғам үшін пайдалы бастаманы, көтермелеу болып табылады.

131. Сотталғандардың дербес ұйымдары мекеме әкімшілігіне:

1) тәртіп және реттілікті қолдауға;

2) сотталғандардың арасында жақсы өзара қарым-қатынасты қалыптастыруға;

3) сотталғандарға және олардың туыстарына әлеуметтік көмек көрсетуге көмектеседі.

132. Сотталғандардың дербес ұйымдары колония ұжымының Кеңесінен оның құрамына кіретін, жасақтар мен олардың құрылымдық секцияларынан тұрады.

133. Колония (жасақ) ұжымының кеңесіне мынадай секциялар:

1) құқық тәртібі;

2) спорт және демалыс;

3) өндірістік;

4) санитарлық-гигиеналық секциялар кіреді.

Егер сотталғандардың қызметіндегі жазаны орындау шарттары және мақсаттары қайшылық тудырмаса, ТМ сотталғандардың өзге де өзіндік ұйымдары құрылуы мүмкін.

134. Құқықтық тәртіп секциясы (бұдан әрі - ҚТС) ТМ-нің ішкі тәртіпті қолдауда және нығайтуда ТМ әкімшілігіне жәрдемдеседі, сондай-ақ сотталғандардың арасында құқық бұзушылықты ескерту жөніндегі жұмыстарды жүргізеді.

ҚТС жұмыстарына тікелей басшылықты мекеме бастығының жедел және режим жұмыстары бойынша бастығының орынбасары жүзеге асырады.

135. Спорт және демалыс секциясы (одан әрі- ССжБ) сотталғандардың бос уақытын ұйымдастыруға спорттық көпшілік, мәдени, ағарту және де басқа да

іс-шараларды жүргізу арқылы қатысады.

Секцияның құрамына:

1) кітапхана жұмысы үшін жауапты;

2) клуб жұмысы үшін жауапты;

3) көркемөнерпаздар үйірмелерінің жұмысы үшін жауапты;

4) спорттық іс-шараларды ұйымдастыру үшін жауапты;

5) ғибадат ететін үй-жайлар үшін жауапты;

6) қабырға газетіне жауапты және жасақ бастығының белгілеуі бойынша басқа да адамдар кіреді.

ССжБ жұмыстары үшін тікелей басшылықты сотталғандардың арасындағы тәрбие жұмыстары бойынша бөлім бастығы жүзеге асырады.

136. Шаруашылық секциясы:

1) шығарылған өнімдердің және орындалатын жұмыстардың сапасын көтеру, еңбек қызметіне сотталғандарды қатыстырады;

2) техникалық қауіпсіздікті сақтау жөніндегі рейдтерді ТМ қызметкерлерімен бірге жүргізеді;

3) өнертапқыштық және жаңашылдық, үлгілі жетістіктерді таратуға жағдайласады;

4) сотталғандарды еңбекте пайдалану туралы ТМ әкімшілігінің ұсынысын енгізеді.

137. Тікелей жетекшілік және секция жұмысын бақылау сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру және жоспарлау бөлім бастығына міндеттеледі.

138. Санитарлық-гигиеналық секция жұмысы бойынша:

1) сотталғандар арасында санитарлық ағартушылық жұмысын өткізуге;

2) сотталғандардың өндірістік санитария және жеке басының тазалығын сақтауға;

3) медицина қызметкерлерімен бірге баспананың санитарлық жағдайын, коммуналды-тұрмыстық жасақ ғимараттарының және мекеме аумақтарын тексеру рейдтерін өткізуге;

